

Табиғи және ілеспе газды жағуға рұқсат беру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрінің 2006 жылғы 2 ақпандағы N 43 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2006 жылғы 25 ақпанда тіркелді. Тіркеу N 4105. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Мұнай және газ министрінің м.а. 2010 жылғы 24 желтоқсандағы № 393 Бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Мұнай және газ министрінің м.а. 2010.12.24 № 393 Бұйрығымен.

1996 жылғы 27 қаңтардағы "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы", 1995 жылғы 28 маусымдағы "Мұнай туралы" Қазақстан Республикасының заңдарын іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН: Z100291**
қ а р а ң ы з

1. Қоса беріліп отырған Табиғи және ілеспе газды жағуға рұқсат беру жөніндегі нұсқаулық бекітілсін.

2. Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі Геология және жер қойнауын қорғау комитеті төрағасының "Табиғи және ілеспе газды жағуға рұқсат беру жөніндегі нұсқаулығын бекіту туралы" 2004 жылғы 27 шілдедегі N 115-Б бұйрығының (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3040 тіркелген, ақпараттық-құқықтық бюллетеньде жарияланған, 2004 ж., N 11, 1-19-бет) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы бұйрық ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолдануға енгізіледі.

Министр

К Е Л І С І Л Д І :

*Қазақстан Республикасының
Қоршаған ортаны қорғау
министрі*

2006 жылғы 16 ақпан

К Е Л І С І Л Д І :

*Қазақстан Республикасының
Төтенше жағдайлар министрі*

2006 жылғы 10 ақпан

Энергетика және минералдық
ресурстар министрінің
2006 жылғы 2 ақпандағы N 43
бұйрығымен Бекітілген

Табиғи және ілеспе газды жағуға рұқсат беру жөніндегі Нұсқаулық

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Нұсқаулық табиғи және ілеспе газды жағуға рұқсат беру жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі - Нұсқаулық) "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы", "Мұнай туралы" Заң күші бар Жарлықтарына, Қазақстан Республикасының "Атмосфера ауасын қорғау" туралы Заңының, Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 18 шілдедегі N 745 "Мұнай және газ кенорындарын игеру кезіндегі" бірыңғай ережесінің, 1999 жылғы 21 шілдедегі N 1019 "Пайдалы қазбалар кен орындарын игеру кезіндегі жер қойнауын қорғаудың бірыңғай ережелерін бекіту туралы" Үкімет қаулыларының талабына сәйкес жасалып, сонымен қатар басқа да нормативті құқықтық актілердің жер қойнауын ұтымды және кешенді пайдалану жөніндегі талабының мәселелері Қазақстан Республикасының аумағында мұнай операциясын жүргізіп жатқан барлық субъектілерге, құрылым жекеменшіктігіне байланысты емес, соның ішінде шетелдік және біріккен мекемелерге міндетті болып табылады. K070212, Z 1 0 0 2 9 1 қ а р а ң ы з

Осы Нұсқаулықта келесі түсінімдер қолданылады:

орталық атқарушы орган - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) атом, минералдық ресурстар, мұнай-химия және атом өнеркәсібін қоса алғанда, энергетика салаларында мемлекеттік саясатты қалыптастыруды, басқару процесін үйлестіруді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы болып табылады;

жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті орган - жер қойнауын геологиялық зерттеу, ұтымды және кешенді пайдалану және жер қойнауын пайдалануды мемлекеттік басқару саласында арнайы атқару және бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асыратын ведомствосы болып табылады;

қоршаған ортаны қорғау жөніндегі уәкілетті орган - қоршаған ортаны қорғау және табиғат пайдалануды басқару саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеу

және іске асыру жөніндегі басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган болып табылады;

төтенше жағдайлар бойынша уәкілетті орган - төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жоюдың мемлекеттік жүйесінің жұмыс істеуін және оның одан әрі дамуын қамтамасыз ету, мемлекеттік саясатты қалыптастыру жөніндегі орталық атқарушы орган.

2. "Мұнай туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 30-5-бабына сәйкес табиғи және ілеспе газды жағуға мынадай жағдайларда рұқсат беріледі: Z100291

қ а р а ң ы з

авариялық жағдайларында және тұрғындардың денсаулығына және қоршаған ортаға қауіпті болса;

кейбір жағдайларда ұңғымаларды сынау кезінде және ілеспе газ эксплуатациялық сынама кезінде кен орнының жалпы мерзімі үш жылдан аспайтын, яғни табиғи және ілеспе газды жау кен орнын барлау және дайындау өнеркәсіптік игеруге дайындауда;

мердігерлер үшін, 2004 жылғы 1 желтоқсандағы жер қойнауын пайдалану келісім шарт жағдайына байланысты мұнай операциясын жүзеге асыру, табиғи және ілеспе газды жау бағдарламасын мерзімі біткенге дейін жүзеге асыру, егерде олар 2004 жылғы 1 желтоқсанға дейін мемлекеттік органдарда бекітілген (келісілген) болса;

мердігерлер үшін, 2004 жылғы 1 желтоқсаннан кейін кенорнын игеруге кіріскендер, газды пайдаға асыру бойынша Бағдарламасы игерілген болуы керек және 2006 жылғы 1 маусымға дейін құрамдас органдар және қоршаған ортаны қорғау аумағында уәкілді органдардың келісімдері керек.

Сонымен қатар, барлық жағдайларда, апат жағдайларын шығарған кезде, ілеспе және табиғи газды жағу алауларда тек уәкілді органдардың рұқсатымен зерделеу және кен орнын пайдалану және қоршаған ортаны қорғау аумағындағы уәкілді органдардың келісімі.

3. Табиғи және ілеспе газды жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті органның рұқсатынсыз жаққан кезде кенорындарды алғашқы пайдалану және ұңғыманы байқау кезінде 10 күннің ішінде жазбаша түрде жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі уәкілетті органдарға газ жаққан көлемдері мен себептері жөнінде хабарлайды.

4. Жер қойнауын пайдаланушы кен орынды игеру құжатының жобасына сәйкес және кестені тарату және техника-экономикалық есептермен газды қайта айдау жөнінде барлық варианттарды жобаға жұмыс бағдарламасына сәйкес табиғи және ілеспе газды қайта айдау жөнінде Бағдарлама жасайды (әрі қарай - газды қайта айдау Бағдарламасы) (1 қосымша).

2-тарау. Алауларда табиғи және ілеспе газдарды жағуға берілетін рұқсаттың тәртібі

5. Қазақстан Республикасының "Мұнай туралы" Заңының 30-5-бабындағы 3-бөліміне байланысты, газды жағуға рұқсатты жер қойнауын зерттеу және пайдалану жөніндегі уәкілетті органның аумақтық органымен және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі уәкілетті органының аумақтық органының келісімдерімен беріледі. Z100291 қараңыз

6. Алауларда жанатын газдың рұқсаты келесі кезекпен жүзеге асады:

1) Жер қойнауын пайдаланушы жағатын газдың рұқсатын алу үшін жер қойнауын зерттеу және пайдалану аумақтық басқармасына (2 қосымша) келесі жыл келгенше дейін сұраныс береді.

Сұраныста себебі, негіздеме қажеттілігі, жағатын газдың көлемі көрсетіледі;

2) Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі уәкілетті органының облыстық басқармасының келісімінен кейін газды жағуға алған рұқсат нақты шешім жер қойнауын зерттеу және пайдалану уәкілетті органының аумақтық басқармасында қабылданады.

7. Ұңғымалар сыннан өткізу кезінде газды жағуға рұқсатты жер қойнауын зерттеу және пайдалану уәкілетті органның аумақтық басқармасы кенді пайдалану Жоспары бойынша бөлек аумақты сынау, ұңғыманы сынау және келісілген сын жоспары қоршаған ортаны қорғау уәкілетті органның аумақтық басқармасымен келісімі бойынша 3 ай ішінде өткізіледі.

8. Кенорны эксплуатациялау барысында жер қойнауын зерттеу және пайдалану уәкілетті органының аумақтық басқармасы мен қоршаған ортаны қорғау уәкілетті органынан келесі құжаттар табыс етілуі керек:

1) атқарушы органның қолданылатын газ Бағдарламасына бекітілген х а т т а м а с ы ;

2) бекітілген қолданылатын жобаның хаттамасымен ҚРО бекітілгені туралы к ө ш і р м е с і ;

3) жыл бойынша алдын ала сынама эксплуатациясын газды жағуға, сонымен қатар табыс аумағының жобасы;

4) қоршаған ортаны қорғау уәкілетті келісім-хаттамасы;

5) жобамен қарастырылған үзіліссіз өндірістік газды жағу қайнаркөзінің мәліметтері: апат жағдайына байланысты, өндірістік қауіпсіздікті ойластыру, сонымен қатар ағымды уақыттағы жалпы қозғалысы;

6) жер қойнау зерттеу және пайдалану уәкілетті органының рұқсат етілген жылға көмірсутегі өнімінің (табысы) жоспарының жылдық келісімінің хаттамасы

Жер қойнау зерттеу және пайдалану уәкілетті органына газды жағуға рұқсат

алу үшін жоғарыда көрсетілген құжаттардан басқа төтенше жағдайлар бойынша уәкілетті органның қорытындысы қажет.

9. Кенорынды тәжірибелік-өнеркәсіптік және өнеркәсіптік игеруде Қазақстан Республикасы "Мұнай туралы" Заңының 30-5-бабының 2-1-бөліміне сәйкес қоршаған ортаны қорғау аумақтық басқармасынан келісімін алу үшін жер қойнауын пайдаланушылар келесі құжаттар табыс етілуі қажет:

1) атқарушы органның газды қайта айдау Бағдарламасына бекітілген х а т т а м а с ы ;

2) өндірілген және жағылған газдың есебі қондырғы кәсібінің техникалық ж а б д ы қ т а л у ы ж а й ы н д а а қ п а р а т ;

3) өндірістік мониторингтің қоршаған орта жағдайы бойынша шешімінің а қ п а р а т ы ;

4) газды қайта айдау Бағдарламасының графигінің орындалуы кенорынды игеру жобасының бекітуінің көшірмесі; кенорынды игеру жобасын бекіту туралы ҚРО хаттамасы (Газды қайта айдау Бағдарламасы бекітілгенге дейін);

5) өткен мерзімде өндірілген және жағылған газдың ақпараты;

6) мұнай және газ өндіру және өтініш беру жылындағы жанатын газдың көлемдері ж ө н і н д е г і а қ п а р а т ;

7) өңдеу өнімдерінің көлемдерімен және газотрубиналық станция, газ өңдеу заводының осы кездегі жұмыстарының жағдайлары туралы, қабаттағы қысымды сақтайтын қабатқа айдаған газ, мұнайды газлифт тәсілімен өндіру жүйесі ж ө н і н д е а қ п а р а т ;

8) мемлекеттік экологиялық сараптамалардың жобалы технологиялық құжаттарды эксплуатациялау кенорны көмірсутегінің қорытындысы;

9) жобада қарастырылған өндірістік жағылған газдың үзіліссіз алаулары: ағымды жылдардағы жалпы қозғалысы және өндірістік қауіпсіздігі қажеттілігі, а п а т ж а ғ д а й л а р ы м е н б а й л а н ы с т ы ;

10) көмірсутегін өндіруге жылдық жоспар келісімінің рұқсат етілген жылға жер қойнау зерттеу және пайдалану уәкілетті органмен хаттамасы;

Жер қойнауын зерттеу және пайдалану аумақтық басқармасына жоғарыда көрсетілген құжаттардан басқа төтенше жағдайлар жөніндегі өкілетті органның қ о р ы т ы н д ы с ы т а б ы с е т і л е д і .

Ескерту. 9-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің 2008.08.01 N 216 бұйрығымен .

10. Ұсынылған материалдар қаралғаннан кейін, аумақтық жер қойнауын зерттеу және пайдалану басқармасы газды жағуға 1 жылға уақытша рұқсат береді (3 қосымша).

11. Рұқсатта жағатын газдың пайдалы қазбалардың жоғалу нормасын, анықтайтын көлемі көрсетілуі тиіс.

12. Аумақтық жер қойнауын зерттеу және пайдалану басқармасы газды жануына рұқсат берулерімен қатар, есеп жүргізулері және берілген рұқсаттарды тіркеулері қажет (4 қосымша).

13. Газды жағуға тиісті құжаттар және оның негізінде берілген рұқсаттың түп нұсқасы аумақтық жер қойнауын зерттеу және пайдалану басқармасында сақталады.

14. Газды жағу рұқсатының көшірмесін қоршаған ортаны қорғау аумақтың органға беріледі.

15. Шарттың - лицензиялық жағдайлардың орындалуы және жер қойнауын пайдаланулардың және қойнауын қорғау және игеру ережесін сақтаған жағдайда, газдың толық қайта өңдеу бағдарламасы жағы істелген жұмыстарының нәтижесін жер қойнауын пайдаланушылардың есеп берулерін қарағаннан кейін және мемлекеттік экологиялық сараптамаларының қорытындылары жөнді болғаннан кейін, газ жағу рұқсатының ұзартылуы аумақтық жер қойнауын зерттеу және пайдалану басқармасының және қоршаған ортаны қорғау уәкілетті органдардың шешімдерімен қабылданады.

16. Жер қойнауын пайдаланушылармен жағылған және барлық өндірілген газдың көлемі жөнінде мониторинг жүргізіп және оны ай сайын аумақтық жер қойнауын зерттеу және пайдалану басқармасына және қоршаған ортаны қорғау аумақтық басқармасына ақпарат беріп отырады.

3-тарау. Нұсқаулық орындалмағандағы жауапкершілік

17. Қазақстан Республикасының заңнамаларында қаралғанына байланысты жер қойнауын пайдалану жөнінде ақпараттарды нақты, толық және уақытында аумақтық жер қойнауын зерттеу және пайдалану басқармасына табыс етуден бас тарту немесе жалтару, жер қойнауын пайдаланушыларын жауапқа тартады.

18. Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес табиғи және ілеспе газының жануына рұқсат алу үшін жер қойнауын пайдаланушылар ұсынған құжаттардың нақтылығына толықтай жауапкершілікте болады.

4-тарау. Газды жағу рұқсатын кейін қайтару

19. Газды қайта айдау Бағдарламасы орындалмай жатқан жағдайда, аумақтық жер қойнауын зерттеу және пайдалану басқармасы газды жағуға берілген рұқсатты кейін қайтаруға құқығы бар немесе газ және мұнай өнімін қысқартады, сот органдарына жер қойнауын тиімді пайдаланбағаны үшін айып салуға шағым бере алады.

Табиғи және ілеспе газды
жағуға рұқсат беру жөніндегі
Нұсқаулыққа 1-қосымша

Ілеспе газдың бағдарламасы және оны келісу және бекіту тәртібі

Қолданылатын газдың барлығы өндірістік іс-шаралар, алаулардағы газды жағуды шығару болып табылады, оның ішінде: газды жеке меншік техникалық және технологиялық қажеттілікке пайдалану, өнімді және электр қуатын игеру, оның өнімдерін игеру және қайта өңдеу, газды жабдықтаушылар немесе өнімді сақтауға тақтаны қайта өңдеу, сонымен қатар тақтаның қысымын ұстап тұру, табиғи және (немесе) ілеспе газды кәдеге жарату жөніндегі бағдарламада көрсетілген технологиялық есеп негізінде нақты әр кен орындары үшін белгіленген жағудың технологиялық болмай қоймайтын көлемін қоспағанда.

Ескерту. Бірінші бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің 2008.08.01 N 216 бұйрығымен.

Техникалық-экономикалық құрастыру қолданылатын газға техникалық-экономикалық мінездеменің есептеуінсіз бекітілген немесе кен орнын игеру нұсқасын ұсынуға жіберілмейді.

Газды толық қолдану Бағдарламасы қоршаған ортаны қорғау облысындағы Орталық орындау органының мемлекеттік экологиялық сараптаманың тиісті шешімін алғаннан кейін Құрамдас органда бекітілуі тиіс.

Газды толық қолдану Бағдарламасын бекіту бойынша шешім қабылдауға Құрамдас органда ведомствоаралық жұмыс тобы құрылады оның құрамына қоршаған ортаны қорғау аумағында уәкілді органдарының өкілдері және төтенше жағдайлар жөніндегі өкілдері кіреді (келісім бойынша). Ведомствоаралық жұмыс тобы табиғи және (немесе) ілеспе газды кәдеге жарату жөніндегі бағдарламаны, сондай-ақ оған, технологиялық бөлігіндегі іс-шараларға, іске асыру кестесі мен мерзімі, құрамы белгіленген заңнамалық тәртіппен бекітілетін толықтырулар және өзгерістерді қарайды, бекітеді.

Ескерту. Төртінші бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің 2008.08.01 N 216 бұйрығымен.

Бағдарлама мынандай негізгі бөлімдерден тұруы керек:

- 1) кен орны туралы жалпы мәлімет:
кен орнының орналасқан жері;
көмірсутегі қоры;
мұнай және газдың физикалық-химиялық қасиеті;
инфра құрылымы барлары;

мұнай және газ қорларының бағасы бойынша ақпарат.

2) газды пайдалану аумағының ағымды жағдайы:
кен орнын игерудегі жобаның мақсаты және тапсырмасы;
игеру нұсқасын бекіткен негізгі қаулы, ҚРО отырысы хаттамасынан
к ө ш і р м е с і ;

мұнай және қолданылатын газды дайындаудағы қуаттылығы;
газды фактор және мұнай және газды өндірудегі болжам.

3) техникалық-экономикалық негізде қолданылатын нұсқасын таңдау:
ресурстар және газдың компоненті (сыңар) құрамына баға;
жеке басының қажеттілігіне жіберілген газ шығынын негіздеу;
қолданылатын газ технологиясын таңдаудағы негізгі белгілері;
қолданылатын газдың мүмкін нұсқаулары;
қолданылатын газ нұсқасымен технологиялық жабдықты қолдану;
қолданылатын газ нұсқасын сараптауды салыстыру;
әр нұсқа бойынша қолданылатын газ іс-шарасын игерудің жоспар-кестесі.

4) қолданылатын газ бағдарламасын игерудегі экологиялық, құбылыс
атмосфераға ластанған заттарды лақтырғандағы алауда газды жаққан кездегі
бағасы, жоғары және төмен қысым компоненттері бойынша және жылдық
б а ғ д а р л а м а н ы и г е р у ;

ілеспе газ нұсқасымен ластанған заттарды лақтыруды төлем есебі;
алауда жағылатын газдың нақты есебін қамтамасыз ету жөніндегі
і с - ш а р а л а р ы н е н г і з у .

**Ескерту. 4) тармақшаға өзгерту енгізілді - ҚР Энергетика және минералдық
ресурстар министрлігінің 2008.08.01 N 216 бұйрығымен .**

5) графикалық материалдар, кестелер және келтірілген есептер қосымшасы.
Аумақтық жер қойнауын зерттеу және пайдалану және аумақтық қоршаған
ортаны қорғау басқармалары бекітілген Бағдарламаны жағылатын газ,
рұқсаттарға қойылған шарттары мен талаптарының орындалуын бақылайды.

Табиғи және ілеспе
газды жағуға рұқсат
беру жөніндегі Нұсқаулыққа

2-қосымша

Жағатын газға рұқсат алу құқығы туралы сұраныс

(мекеменің аты, кен орны, қай кезеңде)

(жағатын газдың себебі және қажеттілігі жөніндегі негіздеме,

жанатын газдың жобалық көлемі млн.м³ .)

(тіркелетін құжаттардың тізімі)

1. _____
2. _____
3. _____
4. _____
5. _____
6. _____

Мекеменің басшысы ----- өтініш беруші (лауазымы)

(қолы)

(А.Ж.Т.)

М.О.

".....".....200...ж.

Табиғи және ілеспе
газды жағуға рұқсат
беру жөніндегі Нұсқаулыққа

3-қосымша

Газ жағуға рұқсат қағаз

(мекеменің аты, кенорын)

(жылдағы рұқсат берілген газдың көлемі млн.м³ .)

(газ жағуға рұқсат қағазының мерзімі)

Тіркеу нөмірі N _____ 200_ж. " _____ " _____

АБ Бастығы " _____ " _____

М.О.

Табиғи және ілеспе
газды жағуға рұқсат
беру жөніндегі Нұсқаулыққа

4-қосымша

АБ "___" газ жағуға берілген рұқсаттың есеп журналы

N п/п	Мекеменің а т ы (кенорны)	Жанған газдың көлемі млн.м ³ .	Рұқсатты колдану мерзімі	Рұқсат берілген уақыты	Рұқсат бергеннің лауазымы А.Ж.Т.	Ескерту (кейін қайтару)
1	2	3	4	5	6	7